

"Ауданаралық темір жол қатынастарын анықтау туралы" 2010 жылғы 14 шілдедегі № 216/313 облыс әкімдігінің қаулысына және облыстық мәслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 439 шешімі және Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 410 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 14 желтоқсанда № 3382 тіркелді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 369-IV Заңының 1-бабының 13-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 және 27-баптарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. «Ауданаралық теміржол қатынастарын анықтау туралы» 2010 жылғы 14 шілдедегі № 216/313 облыс әкімдігінің қаулысына және облыстық мәслихаттың шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3341 болып тіркелген, «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінің 2010 жылғы 10 тамыздағы № 98 номерлерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:
преамбуладағы «3)» саны «4)» санымен алмастырылсын.

2. Әкімдіктің осы қаулысы және мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.МҰХАМБЕТОВ

О б л ы с т ы қ

мәслихаттың хатшысы

Б.ОРДАБАЕВ

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

сессия төрайымы

Л.ЖАЗЫҚОВА